

**«ПМХЗ» ЖШС-нің 2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы тұтынушылар алдында жылу және электр энергиясын беру және тарату қызметтерін, коммуналдық қызметтерді көрсету қызметі туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі**

2025 жылғы 27 маусымда «ПМХЗ» ЖШС өз интернет-ресурсында табиғи монополия субъектісінің 2025 жылғы 1 жартыжылдық үшін жылу және электр энергиясын беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы тұтынушы кәсіпорындар алдындағы есебінің тыңдауын 2025 жылғы 24 шілдеде өткізетіні туралы хабарландыру жариялады.

«ПМХЗ» ЖШС Қазақстанның ірі мұнай өңдеу кәсіпорындарының бірі және шамамен 91,81% мұнай өңдеу тереңдігін қамтамасыз ететін технологиялық қондырғылар жинақталған Қазақстандағы жалғыз мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 6 млн. тонна шикі мұнайды құрайды.

Зауытта әртүрлі маркалы автобензинді, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды, дизель отынын, вакуумдық газойльді, сұйылтылған газдарды, мазутты, мұнай битумдарын, мұнай коксін, күкіртті қамтитын өнімдердің кең ассортименті бар.

«ПМХЗ» ЖШС Павлодар облысы бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мынадай қызмет түрлері бойынша мемлекеттік тіркеліміне енгізілді:

- сумен жабдықтау және су бұрып жіберу қызметтері (тарату желілері бойынша ауыз және техникалық су беру, ағынды суды бұрып жіберу);
- электр энергиясын беру және тарату қызметтері;
- жылу энергиясын беру және тарату қызметтері;

2024 жылдың қорытындылары бойынша «ПМХЗ» ЖШС сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша қуаты аз табиғи монополиялар субъектісі болып табылатындығына байланысты тұтынушылар алдындағы есеп Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-26-баптарымен реттемеленетін табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС міндеттерін орындау мақсатында электр және жылу энергиясын беру қызметтері бойынша өткізіледі. Осы есеп, бекітілген тарифтік сметалардың, инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы ақпарат кәсіпорынның сайтында орналастырылды.

**Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС бекітілген инвестициялық бағдарламаларының орындалуы туралы ақпарат**

Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті қосалқы тұтынушыларды жылумен және электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында 2021 жылғы 27-28 қазанда, 12-15 қарашада № 92-НҚ, №98-НҚ бұйрықтармен «ПМХЗ» ЖШС-нің 2022 жылғы 01 қаңтардан

2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге жылу және электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерге қатысты екі инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаларға қосалқы тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша мүдделерін қозғайтын «ПМХЗ» ЖШС іс-шаралары ғана енгізілген. Инвестициялық салымдардың тарифке әсері шығындарды өзіндік тұтыну мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең бөлуді ескере отырып, амортизациялық аударымдармен шектеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының «Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі» 10-тараудың 323-бабына, «Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін бекіту тәртібі» 13-тараудың 367-бабына сәйкес тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтерді бекіту кезінде табиғи монополиялар субъектілері үшін қызмет тиімділігінің көрсеткіштері бекітіледі.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС тарифтері табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолданып бекітілгеніне байланысты «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін, мақсатты және басқа да көрсеткіштерді уәкілетті орган бекіткен жоқ.

### **Жылу энергиясын беру қызметіне қатысты бекітілген Инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат**

«ПМХЗ» ЖШС-нің 2022 жылғы 01 қаңтардан 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге жылу энергиясын беру және тарату жөніндегі инвестициялық бағдарламасына сәйкес 2025 жылы Т2/1 жылу алмастырғыш пен Е-1 сыйымды ыдысын ауыстыру көзделген.

2025 жылға бекітілген инвестициялар сомасы ҚҚС-ты қоспағанда 69 650 мың теңгені, соның ішінде тариф есебінен – 12 578 мың теңгені, өзге қызмет есебінен – 57 072 мың теңгені құрайды.

№ 939053 өткізілген тендер қорытындыларының хаттамасы негізінде 2024 жылғы 08 ақпанда «Северхиммаш» ЖШС-мен жылу алмасу аппаратын жеткізуге №939053/2024/1 шарт жасалды. Қазіргі уақытта жабдық жеткізілді, алайда паспорттың, РЭ, есептеулердің, сызбалардың, ТР/КО 032, ҚР-да қолдануға рұқсаттың болмауына байланысты кіріс бақылауына қабылданбады. Сонымен қатар визуалды тексеру барысында өнім берушіге 2025 жылғы 03 наурызда жіберілген ескертпелер анықталды. Ескертпелердің бір бөлігі жойылды, бірақ гидравликалық сынақтар барысында бекіткіштердің қуыстығы анықталды. Өнім берушіден жаңа бекіту материалын жеткізу 2025 жылдың шілде айларында күтіледі. 2024 жылғы 08 ақпандағы №939053/2024/1 шарттың талаптарына және 2025 жылғы 07 ақпандағы № 2 ЭШФ талаптарына сәйкес ҚҚС-ны қоспағанда 8 294,2 мың теңге сомасындағы алдын ала төлеммен 2024

жылғы 19 ақпандағы №3 төлеуге арналған шотқа сәйкес ҚҚС-ны қоспағанда 27 647,386 мың теңге сомасына төлем жүргізілді.

№ 1047918-1535694 өткізілген тендер қорытындыларының хаттамасы негізінде 2025 жылғы 20 қаңтарда «Қазфитингпласт» ЖШС-мен Е-1 сыйымды ыдысын жеткізуге № 1047918/2025/1 шарт жасалды. 2025 жылғы 20 қаңтардағы №7 шот ҚҚС-ны қоспағанда 13 719 мың теңге сомасында алдын ала төлем бойынша 2025 жылғы 20 қаңтардағы № 1047918/2025/1 шарт талаптарына сәйкес төленді. Жеткізілім шартқа қол қойылған күннен бастап 210 күнтізбелік күн ішінде орындалады.

### **Электр энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген Инвестициялық бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат**

«ПМХЗ» ЖШС-нің 2022 жылғы 01 қаңтардан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге электр энергиясын беру және тарату жөніндегі инвестициялық бағдарламасына сәйкес 2025 жылы WMSWP май ажыратқышын RSW-10 тарату құрылғысы үшін бейімдеу жиынтығымен ҚҚС-ты қоспағанда 2 727 мың теңге сомасына ВВ/TEL вакуумдық ажыратқышына ауыстыру көзделген. Электрондық дүкен порталында 3 635 мың теңге сомасына (ҚҚС-ны қоспағанда) 2025 жылғы 02 мамырдағы № ЭМ/1453451/200740021623/1644743\_146371 тауарды жеткізуге тапсырыс қалыптастырылды. Жеткізілім – жеткізу тапсырысына қол қойылған күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде.

Бекітілген инвестициялық бағдарламада іс-шаралар ретінде жоспарланған вакуумдық ажыратқыштар қосалқы тұтынушыларға электр энергиясын беруге және таратуға тікелей қатысатын өндірістік қорды жаңартады.

Табиғи монополиялар субъектісі ретінде 2025 жылғы 1,2 тоқсандағы «ПМХЗ» ЖШС бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есептер 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының» 5-қосымшасына сәйкес кәсіпорынның сайтында орналастырылды.

**Бекітілген тарифтік сметаларды баптар бойынша орындауға көшейік.**

**Жылу энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті толығырақ қарастырайық.**

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2024 жылғы 1 жартыжылдықтағы нақты деректер	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы	мың теңге	65 731,8	55 113,7	-16,2	1 жартыжылдық фактісі
1	Амортизация	мың теңге	2 985,0	3 528,2	18,2	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі

<b>2</b>	<b>Басқа шығындар, барлығы</b>	<b>-"</b>	<b>36 226,1</b>	<b>177,3</b>	<b>-99,5</b>	1 жартыжылық фактісі
	соның ішінде					
2.1.	жылу желілері мен құбырларға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметі	-"	36 024,1	0	-100	«ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарт бұзу және «ПМХЗ» ЖШС ұйымдық құрылымына Бумен және ауамен жабдықтау цехын қайтару
2.2.	күзет қызметтері	-"	14,4	13,4	-6,9	1 жартыжылық фактісі
2.3.	өрттен қорғау қызметтері	-"	23,8	20,4	-14,3	1 жартыжылық фактісі
2.4.	Инвестициялық бағдарламаны орындаудың техникалық сараптамасы қызметтері	-"	163,8	143,5	-12,4	тендерлік рәсімдерді жүргізу қорытындылары бойынша шартқа сәйкес нақты
<b>II</b>	<b>Кезең шығыстары, барлығы</b>	<b>-"</b>	<b>81,0</b>	<b>1</b>	<b>-98,8</b>	1 жартыжылық фактісі
3	Жалпы және әкімшілік, барлығы, соның ішінде	-"	81,0	1	-98,8	1 жартыжылық фактісі
3.1.	ақпараттық қызметтер	-"	81,0	1	-98,8	1 жартыжылық фактісі
<b>III</b>	<b>Қызметтер көрсетуге арналған барлық шығындар</b>	<b>-"</b>	<b>65 812,8</b>	<b>55 114,7</b>	<b>-16,3</b>	1 жартыжылық фактісі
IV	Кіріс (АРБ * ПМ)/ залал	-"	3 671	-26 901,1	-832,8	
V	<b>Барлық кірістер</b>	<b>-"</b>	<b>69 483,8</b>	<b>28 213,6</b>	<b>-59,4</b>	1 жартыжылық фактісі
VI	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	мың Гкал	335,1765	139,791	-58,3	1 жартыжылық фактісі
VII	Бу беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар	%	1,3	3,9	201,5	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
		мың Гкал	3,47	5,012	44,4	
		мың теңге	22 403,7	49 139,4	119,3	
	Жылыту суын беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар	%	7,7	6,9	-10,4	1 жартыжылық фактісі
		мың Гкал	1,5287	0,82	-46,4	
		мың теңге	4 117,0	2 268,8	-44,9	
VIII	Тариф	теңге/ Гкал	207,31	201,83	-2,6	тариф қаңтар-ақпан-194,64, 01.03.2025 бастап - 207,31
IX	Қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар	теңге/ Гкал	207,31	394,27	90,2	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі

2025 жылғы электр энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген тарифтік смета 65 812,8 мың теңгені құрайды. 2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы нақты шығындардың жалпы сомасы 55 114,7 мың теңгені құрайды.

Бұл бекітілген тарифтік сметада «электр, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер» бабының барымен байланысты болды. Ол бойынша шығындар «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен жасалған шарт бойынша жүзеге асырылды. Аталған компания «ПМХЗ» ЖШС-нің жоғарыда аталған қызметтерін ұсына отырып, желілерге қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қажетті материалдарды, бұйымдарды сатып алуды, өз жұмыскерлері үшін арнайы киімдер мен еңбекті қорғау материалдарын сатып алуды дербес жүзеге асырды, сондай-ақ өзге де қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етті.

2023 жылғы 30 маусымда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен және «ПМХЗ» ЖШС-мен №548518/2021/1 шарт №548518/2023/1-4 бұзу туралы келісіммен бұзылды және 2023 жылғы шілдеден бастап басқа ұйым магистральдық, жергілікті құбырларға және басқа жабдықтарға қызмет көрсету және күтіп ұстау бойынша қызметтерді жүзеге асырмады. Осылайша, 2025 жылы осы бап бойынша шығындар жоқ.

Қазақстан Республикасының экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның 2023 жылғы 22 ақпандағы тапсырмасын және ҚМГ ҰК АҚ тапсырмасын орындау мақсатында 2023 жылғы 04 шілдедегі «ПМХЗ» ЖШС-нің штаттық кестесін қолданысқа енгізу туралы» № 484-Ө негізгі қызмет бойынша бұйрыққа сәйкес 2023 жылғы 01 шілдеден бастап бұрын «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС құрылымына кірген «бумен және ауамен жабдықтау» цехы жылумен жабдықтау учаскесі бар зауыт құрылымына енгізілді.

Цехты «ПМХЗ» ЖШС құрылымына енгізу және зауыт жұмыскерлерінің магистральдық, жергілікті құбырларға және басқа жабдықтарға қызмет көрсету және күтіп ұстау бойынша функцияларды орындауы аударымдары бар жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге (жалақы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС, ЖМЗЖ) кеткен шығындарға әкелді, осыған байланысты «ПМХЗ» ЖШС 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 33-тармағына сәйкес тарифтік сметаны тарифті көтермей өзгертуге өтініш уәкілетті органға жіберіледі.

1 Гкал жылу энергиясын көрсетуге қосалқы тұтынушылар үшін нақты шығындар 394,27 теңге/Гкал, ал бекітілген тариф 207,31 теңге/Гкал. Ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында «ПМХЗ» ЖШС жылу энергиясын 194,69 теңге/Гкал тарифі бойынша, 2025 жылғы 01 наурыздан бастап 207,31 теңге/Гкал тарифі бойынша жүзеге асырғандықтан, 1 жартыжылдықтың қорытындылары бойынша тарифтік сметадағы орташа тариф 201,83 теңге/Гкал құрады.

«ПМХЗ» ЖШС-нің қызметтерді тұтынушылар арасындағы шығындары (өзіндік тұтыну және қосалқы тұтынушылар) қызметтерді тұтыну көлеміне тепе-тең түрде бөлінеді.

Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес шығындардың артық жұмсалымы «Амортизация», «Бу беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар» баптары бойынша орын алды.

**«Амортизация» шығындар бабы** – бекітілген тарифтік сметада 2 985 мың теңге, 1 жартыжылдықтағы нақты амортизациялық аударымдар – 3 528,2 мың теңге. Амортизациялық аударымдардың сомасы өз тұтынуы мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең шығындарды бөлу есебінен жылу энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған негізгі қаражат құнының амортизациялық аударымдар үлесі ретінде есептелген.

Нақты амортизациялық аударымдар инвестициялық бағдарлама жобасын қаржыландыру көзі болып табылады.

**«Басқа шығындар»** мынадай қызметтермен ұсынылған:

**«Жылу желілері мен құбырларға техникалық қызмет көрсету және ұстау қызметі»** - бекітілген тарифтік сметада 36 024,1 мың теңге, іс жүзінде 2025 жылы «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарттың бұзылуына және бумен және ауамен жабдықтау цехының «ПМХЗ» ЖШС-нің ұйымдық құрылымына қайтарылуына байланысты осы бап бойынша шығыстар жоқ.

**«Күзет қызметтері»** - 1 жартыжылдықта 0,1 мың теңге шығын үнемі туындады, жыл қорытындылары бойынша артық жұмсалым күтіледі.

**«Өртке қарсы қорғау қызметтері»** - бекітілген тарифтік сметада 23,8 мың теңге, нақты – 20,4 мың теңге. 1 жартыжылдықтың фактісі бойынша үнемдеу, жылдағы осы бап бойынша артық жұмсалым күтіледі.

«ПМХЗ» ЖШС зауытқа қызмет көрсететін бөгде ұйымдар орналасқан аумақтың меншік иесі болып табылады, сондай-ақ негізгі құралдардың – жылу энергиясын беру және бөлу бойынша қызмет көрсетуге тартылған жылжымалы және жылжымайтын мүліктің меншік иесі болып табылады, осыған байланысты объектілер мен мүлікті қорғау бойынша шығындарды көтереді. «ПМХЗ» ЖШС қорғалатын аумақтағы объектілер мен мүлікті күзету қызметтеріне қатысты «Күзет-Павлодар» ЖШС-мен шарттық қатынастарда және «ПМХЗ» ЖШС объектілерінде өрттерді сөндіру, аварияларды жою, авариялық құтқару және газдан құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстардың алдын алу және жүргізу жөніндегі қызметтер көрсетуге «Өрт Сөндіруші» АҚ-мен шарттық қатынастарда.

**«Өртке қарсы қорғау қызметтері» және «күзет қызметтері»** баптары бойынша шығындар зауыттың (Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортына сәйкес барлығы 442,3601 га) және жылу энергиясын беру және бөлу қызметтерін көрсететін учаскенің (0,056277 Га) алып жатқан ауданына тепе-тең бөлінеді, бұдан әрі шығындар қосалқы тұтынушылар мен зауыттың қызметті тұтыну көлемі бойынша бөлінеді.

**Инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтеріне** шығындар бабы. Тарифтік сметада 163,8 мың теңге бекітілді, нақты шығындар 143,5 мың теңгені (тендерлік рәсімдерді өткізу қорытындылары бойынша шартқа сәйкес нақты) құрады, үнемдеу 20,3 мың теңге немесе 12,4%.

**«Нормативтік ысыраптар»** бойынша шығындар бабы бойынша шығындар тұтынылатын жылу энергиясы көлемінің ысырап пайызы бойынша есептелді. Қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беру және бөлу бойынша қызмет көрсету кезінде бу (12 және 40 ата) және ыстық су шығыны да туындайды.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде қызметтерді өндіруге жұмсалған шығындарға 22 403,7 мың теңге сомасына будағы ысыраптардың

1,3%-ы және 4 117 мың теңге сомасына жылыту суындағы ысыраптардың 7,7%-ы қосылды.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің будағы жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі қызметке нақты техникалық ысыраптар 1 Гкалға 3,9%-ды құрайды, бұл 5,012 мың Гкал немесе 49 139,4 мың теңге, бұл бекітілген тарифтік сметаға қарағанда 1,54 мың Гкал (26 735,7 мың теңге) немесе 119,3%-ға артық.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің ыстық судағы жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі қызметке нақты техникалық ысыраптары 1 жартыжылдықтағы нақты ысыраптар есебіне сәйкес 1 Гкалға 6,9%-ды. немесе 2 268,8 мың теңге сомасына 0,82 мың Гкалды құрайды, бұл 1 жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 1 848,2 мың теңгеге кем.

**«Кезең шығыстары» - «Ақпараттық қызметтер»** шығындар бабы бойынша бекітілген тарифтік сметадағы сома – 81,0 мың теңге, нақты шығындар – 1,0 мың теңге, 1 жартыжылдықтың қорытындылары бойынша үнемдеу.

2025 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындылары бойынша кәсіпорын реттелетін қызмет бойынша пайда алмады.

2025 жылдың 1 жартыжылдығында жылу энергиясын беру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты өзіндік құнының 207,31 теңгеден 394,27 теңгеге/Гкал-ға ұлғаюына байланысты 26 901,1 мың теңге сомасында залалға жол берілді.

Тарифтік сметаның баптары бойынша қаражатты үнемдеудің негізгі себебі 2023 жылғы 30 маусымда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шартты бұзу болды, аталған ұйым магистральдық, жергілікті құбырларға және басқа жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және күтіп ұстау бойынша қызметтерді жүзеге асырды. 2023 жылғы 01 шілдеден бастап бұл қызметтерді «ПМХЗ» ЖШС штаттық кестесін қолданысқа енгізу туралы» 2023 жылғы 04 шілдедегі № 484-Ө негізгі қызмет бойынша бұйрығына сәйкес «ПМХЗ» ЖШС құрылымына енгізілген «бумен және ауамен жабдықтау» цехы жүзеге асырды. Зауыт жұмыскерлерінің магистральдық, жергілікті құбырларға және басқа жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және күтіп ұстау жөніндегі функцияларды орындауы аударымдары бар жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге (жалақы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС, ЖМЗЖ) қатысты шығындарға әкелді.

2025 жылдың 1 жартыжылдығында жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі қызметті іске асырудан түскен түсім 28 213,6 мың теңгені құрады. Түсімнің бекітілгенмен салыстырғанда 59,4%-ға төмендеуіне 1 жартыжылдық фактісі бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі және 2025 жылы жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі қызметті іске асыру қаңтар-ақпан айларында 194,69 теңге/Гкал тарифі және 2025 жылғы 01 наурыздан бастап 207,31 теңге/Гкал тарифі (ҚҚС-ны қоспағанда) бойынша жүзеге асырылғаны әсер етті.

**Электр энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті толығырақ қарастырайық**

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2024 жылғы 1 жартыжылдықтағы нақты деректер	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
<b>I</b>	<b>Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы</b>	мың теңге	<b>21 464,5</b>	<b>5 535,2</b>	<b>-74,2</b>	1 жартыжылдықтағы факті
1	Амортизация	-"	670,0	896,4	33,8	БТС-дғы қаражаттың жетіспеушілігі
2	Басқа шығындар, барлығы, соның ішінде	-"	20 794,5	4 638,8	-77,7	1 жартыжылдықтағы факті
2.1.	Электрлік, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету қызметтері	-"	15 912,8	0	-100	«ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарт бұзу және «ПМХЗ» ЖШС ұйымдық құрылымына электрмен жабдықтау цехын қайтару
2.2.	Күзет қызметтері	-"	3 692,8	3 669,6	-0,6	1 жартыжылдықтағы факті
2.3.	Өртке қарсы қорғау қызметтері	-"	1 025,1	825,7	-19,5	1 жартыжылдықтағы факті
2.4.	Инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтері	-"	163,8	143,5	-12,4	тендерлік рәсімдер жүргізу қорытындылары бойынша шартқа сәйкес факті
<b>II</b>	<b>Кезең шығыстары, барлығы</b>	-"	<b>81,0</b>	<b>1,0</b>	<b>-98,8</b>	1 жартыжылдықтағы факті
3	Жалпы және әкімшілік, барлығы, соның ішінде	-"	81,0	1,0	-98,8	1 жартыжылдықтағы факті
3.1.	ақпараттық қызметтер	-"	81,0	1,0	-98,8	1 жартыжылдықтағы факті
<b>III</b>	<b>Қызметтерді ұсынуға кеткен барлық шығыстар</b>	-"	<b>38 135,9</b>	<b>15 816,1</b>	<b>-58,5</b>	1 жартыжылдықтағы факті
IV	Кіріс (АРБ * ПМ)	-"	2 057	1 199	-41,7	1 жартыжылдықтағы факті
V	Барлық кірістер	-"	40 192,9	17 015,4	-57,7	1 жартыжылдықтағы факті
VI	Көрсетілген қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі	мың кВтч	93 042,6	39 610,7	-57,4	1 жартыжылдықтағы факті
VII	Нормативтік техникалық ысыраптар	мың кВтч	1 023,5	414,554	-59,5	1 жартыжылдықтағы факті
VIII	Тариф	мың теңге	16 590,4	10 279,9	-38	1 жартыжылдықтағы факті
IX	Қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар	%	1,1	1,1		
		теңге/кВтс	0,432	0,430	-0,6	01.03.2024ж бастап 28.02.25ж. дейін тариф

						0,425; 01.03.2025ж. бастап 0,432
		теіге/ кВтс	0,432	0,399	-7,6	1 жартыжылдықтағы факті

2025 жылғы электр энергиясын беру және тарату қызметіне бекітілген тарифтік смета 38 135,9 мың теңгені құрайды. 2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы нақты шығындардың жалпы сомасы 15 816,1 мың теңгені құрайды.

Бұл бекітілген тарифтік сметада «электр, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер» бабының барымен байланысты болды. Ол бойынша шығындар «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен жасалған шарт бойынша жүзеге асырылды. Аталған компания «ПМХЗ» ЖШС-нің жоғарыда аталған қызметтерін ұсына отырып, желілерге қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қажетті материалдарды, бұйымдарды сатып алуды, өз жұмыскерлері үшін арнайы киімдер мен еңбекті қорғау материалдарын сатып алуды дербес жүзеге асырды, сондай-ақ өзге де қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз етті.

2023 жылғы 31 қазанда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен және «ПМХЗ» ЖШС-мен 2021 жылғы 15 сәуірде жасалған №565649/2021/1 шарт №565649/2023/1-2 бұзу туралы келісіммен бұзылды және 2023 жылғы қарашадан бастап басқа ұйым электр, электр-тарату/реттеу жабдығына қызмет көрсету бойынша қызметтерді жүзеге асырмады. Осылайша, 2025 жылы осы бап бойынша шығындар жоқ.

Қазақстан Республикасының экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның 2023 жылғы 22 ақпандағы тапсырмасын және ҚМГ ҰК АҚ тапсырмасын орындау мақсатында 2023 жылғы 01 қарашадағы «ПМХЗ» ЖШС-нің ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін қолданысқа енгізу туралы» № 795-Ө негізгі қызмет бойынша бұйрыққа сәйкес 2023 жылғы 01 қарашадан бастап бұрын «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС құрылымына кірген «электрмен жабдықтау» цехы электр энергиясын беру бойынша қызмет көрсетуге тартылған учаскелері бар зауыт құрылымына енгізілді.

Цехты «ПМХЗ» ЖШС құрылымына енгізу және зауыт жұмыскерлерінің электр, электр-тарату/реттеу жабдығына қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындауы аударымдары бар жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге (жалақы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС, ЖМЗЖ) кеткен шығындарға әкелді, осыған байланысты «ПМХЗ» ЖШС 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 33-тармағына сәйкес тарифтік сметаны тарифті көтермей өзгертуге өтініш уәкілетті органға жіберіледі.

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 93 042,6 мың кВтсағ. құрайды, 1 жартыжылдықтағы қызметтерді тұтыну көлемі 57,4%-ға кем және 39 610,7 мың кВтсағ. құрайды.

1 жартыжылдықтағы электр энергиясын беру және тарату қызметін іске асырудан түскен түсім 17 015,4 мың теңгені құрайды.

«ПМХЗ» ЖШС-нің қызмет тұтынушылары арасындағы шығындары (өзіндік тұтыну және қосалқы тұтынушылар) қызметтерді тұтыну көлемдеріне тепе-тең бөлінеді.

**«Амортизация» шығындар бабы** – бекітілген тарифтік сметада 670 мың теңге, 1 жартыжылдықтағы нақты амортизациялық аударымдар – 896,4 мың теңге. Амортизациялық аударымдардың сомасы тікелей және бірлесіп іске қосылған негізгі қаражаттарға шығындарды бөлуді ескере отырып, электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған негізгі қаражатты негізге алына отырып есептеледі, мұнда тікелей іске қосылғандар толығымен реттелетін қызметке жатады, ал бірлесіп іске қосылғандар - өз тұтынуы мен қосалқы тұтынушылардың көлемдеріне тепе-тең есептеледі.

Нақты амортизациялық аударымдар инвестициялық бағдарлама жобасын қаржыландыру көзі болып табылады.

**«Электрлік, электр тарату жабдықтарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету қызметтері» бабы.**

Бұрынғы Электрмен жабдықтау цехының бәсекелестік ортаға шығарылуына байланысты, «ҚазМұнайГаз-ӨМ» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 13/2015 шешімімен бекітілген МӨЗ («АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС) бизнес-үдерістері реинжинирингінің 2014-2017 жылдар аралығындағы бағдарламасын іске асыру шеңберінде, соған сәйкес бейінді емес активтер мен қызметтің қосалқы түрлерін «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС құрылымынан аутсорсингке шығару көзделді, электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсетуге тартылған персоналды ұстауға және қажетті еңбек жағдайларын жасауға кеткен шығыстарды басқа ұйым – «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС көтерді, осы ұйыммен «ПМХЗ» ЖШС 2023 жылғы 31 қазанға дейін шарттық қатынаста болды. Соның салдарынан бекітілген және есептік тарифтік сметаларда жалақы мен аударымдар, материалдық және басқа шығындар туралы баптар болмады.

2023 жылғы қарашадан бастап басқа ұйым тарапынан қызмет көрсету бойынша қызметтер жүзеге асырылмады.

**«Күзет қызметтері»** - бекітілген тарифтік сметада -3 692,8 мың теңге, 1 жартыжылдықтағы нақты шығындар 3 669,6 мың теңге. Жыл қорытындылары бойынша қызметтер құнының ұлғаюына және бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты осы баптар бойынша артық жұмсалым күтіледі.

**«Өртке қарсы қорғау қызметтері»** - бекітілген тарифтік сметада 1 025,1 мың теңге, 1 жартыжылдықтың қорытындылары бойынша нақты шығындар – 825,7 мың теңге, жылдың қорытындылары бойынша артық жұмсалым күтіледі.

**Өртке қарсы қорғау қызметтері и күзет қызметтері**, соның ішінде «ПМХЗ» ЖШС электр желілері объектілері мен қосалқы станцияларын күзету шығындарын бөлу күзетілетін аумаққа (барлығы 442,3601 Га, Жылжымайтын объектісінің кадарстрлық паспорты) және электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету үшін пайдаланылатын алаңға (3,8472 Га) барабар жүзеге асырылады. Содан кейін ақшалай қаражат түріндегі шығындар көрсетілген қызметтердің көлемдеріне тепе-тең бөлінеді.

**Инвестициялық бағдарламаның орындалуын техникалық сараптау қызметтеріне** шығындар бабы. Тарифтік сметада 163,8 мың теңге бекітілді, нақты шығындар 143,5 мың теңгені (тендерлік рәсімдерді өткізу қортытындылары бойынша шартқа сәйкес нақты) құрады, үнемдеу 20,3 мың теңге немесе 12,4%.

**«Кезең шығыстары» - «Ақпараттық қызметтер» шығындар бабы бойынша** бекітілген тарифтік сметада 81,0 мың теңге, 1 жартыжылдықтағы нақты шығындар – 1 мың теңге.

**«Нормативтік ысыраптар» бойынша шығындар бабы** нақты ысыраптар пайызы бойынша тұтынылатын энергия көлемінен есептеледі.

1 жартыжылдықтағы нақты техникалық ысыраптар 414,554 мың/кВтсағ. немесе 1,1%-ды, ал бекітілгені 1,1% және жылдық ысырап көлемі 1023,5 мың/кВтсағ. құрады. Жылдар бойынша тарифтік сметада бекітілгенге қарағанда нақты нормативтік техникалық ысыраптардың ауытқулары болмайды.

Тарифтік сметаның баптары бойынша қаражатты үнемдеудің негізгі себебі 2023 жылғы 31 қазанда «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шартты бұзу болды, аталған ұйым электр, электр-тарату/реттеу жабдықтарына қызмет көрсету бойынша қызметтерді жүзеге асырды. 2023 жылғы 01 қарашадан бастап бұл қызметтерді «ПМХЗ» ЖШС штаттық кестесін қолданысқа енгізу туралы» 2023 жылғы 01 қарашадағы № 795-Ө негізгі қызмет бойынша бұйрығына сәйкес «ПМХЗ» ЖШС құрылымына енгізілген «электрмен жабдықтау» цехы жүзеге асырды. Зауыт жұмыскерлерінің электр, электр тарату/реттеу жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындауы аударымдары бар жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге (жалақы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС, ЖМЗЖ) қатысты шығындарға әкелді.

Бұл есепте біз реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуын, табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін қарастырмайтынымызды атап өткен жөн, өйткені «ПМХЗ» ЖШС үшін бұл көрсеткіштер бекітілмеген.

**Табиғи монополия саласына жататын қызметтерді көрсетудің негізгі қаржылық-экономикалық нәтижелерін** қарастыруға көшейік. Салыстыру үшін біз өткен 2024 жылдың және ағымдағы 2025 жылдың 1 жартыжылдығындағы нақты деректерді пайдаланамыз.

мың теңге

Қаржы нәтижесі	2024 жылғы 1 жартыжылдық	2025 жылғы 1 жартыжылдық	Ауытқу,%	Түсіндірме
<b>Кірістер, барлығы:</b>	<b>80 382</b>	<b>95 320</b>	19%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	17 472	17 015	-3%	көлемінің азаюы
Жылу энергиясын беру және тарату	30 760	28 214	-8%	көлемінің азаюы
Тарату желілері бойынша ауыз су беру	16 809	32 456	93%	Тарифті арттыру

Тарату желілері бойынша техникалық су беру	9 317	10 019	8%	Тарифті арттыру
Ағынды суды бұрып жіберу	6 024	7 616	26%	Тарифті арттыру
<b>Шығыстар, барлығы</b>	<b>142 881</b>	<b>150 986</b>	6%	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	16 264	15 816	-3%	«ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарт бұзу және «ПМХЗ» ЖШС ұйымдық құрылымына электрмен жабдықтау цехын қайтару,
Жылу энергиясын беру және тарату	57 026	55 115	-3,4%	«ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарт бұзу және «ПМХЗ» ЖШС ұйымдық құрылымына бумен және ауамен жабдықтау цехын қайтару
Тарату желілері бойынша ауыз су беру	38 747	43 304	11,8%	БТС-дағы қаражаттың жетіспеушілігі, қызметтер құнының өсуі
Тарату желілері бойынша техникалық су беру	21 197	26 138	23,3%	БТС-дағы қаражаттың жетіспеушілігі, қызметтер құнының өсуі
Ағынды суды бұрып жіберу	9 647	10 612	10,0%	БТС-дағы қаражаттың жетіспеушілігі, қызметтер құнының өсуі
<b>Қаржы нәтижесі</b>	<b>-59 148</b>	<b>-62 499</b>	<b>-55 666</b>	
соның ішінде				
Электр энергиясын беру және тарату	1 337	1 207	1 199	«ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шарт бұзу және «ПМХЗ» ЖШС ұйымдық құрылымына электрмен жабдықтау цехын және бумен және ауамен жабдықтау цехын қайтару
Жылу энергиясын беру және тарату	- 26 266	-26 266	-26 901	
Тарату желілері бойынша ауыз су беру	-16 222	-21 938	-10 848	БТС-дағы қаражаттың жетіспеушілігі, қызметтер құнының өсуі
Тарату желілері бойынша техникалық су беру	-11 602	-11 880	-16 120	БТС-дағы қаражаттың жетіспеушілігі, қызметтер құнының өсуі
Ағынды суды бұрып жіберу	- 6 394	-3 622	-2 996	БТС-дағы қаражаттың жетіспеушілігі, қызметтер құнының өсуі

2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы жылу және электр энергиясын беру және тарату қызметтері бойынша түсімнің (кірістің) 2024 жылғы 1 жартыжылдыққа қарағанда ұлғаюына 2025 жылы көрсетілген қызметтерге тарифтің ұлғаюы әсер етті; шығыстардың азаюына «ENERGY SERVICE-PVL» ЖШС-мен шартты бұзу әсер етті.

### Табиғи монополия саласына жататын қызметтерді көрсетудің қаржы нәтижесі

	Бекітілген тариф, теңге	Бірлік үшін нақты шығындар, теңге	(+) / (-)	%
Жылу энергиясын беру және тарату	207,31	394,27	-186,96	90,2
Электр энергиясын беру және тарату	0,432	0,399	0,03	-7,6
Тарату желілері бойынша шаруашылық ауыз су беру	466,73	622,73	-156,00	33,4
Тарату желілері бойынша техникалық су беру	120,54	314,48	-193,94	160,9
Ағынды суды бұрып жіберу	185,06	257,86	-72,81	39,3

### Көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдері туралы ақпарат.

2025 жылғы 1 жартыжылдықтың қорытындылары бойынша «ПМХЗ» ЖШС табиғи монополиялар субъектісі ретінде мынадай қызметтер көлемін көрсетті:

Атауы	Барлығы	соның ішінде:			
		«ПМХЗ» ЖШС өзіндік қажеттіліктері		Қосалқы тұтынушыларға	
		Заттай көрсеткіштерде	Жалпы көлемдегі үлес, %	Заттай көрсеткіштерде	Жалпы көлемдегі үлес, %
Тарату желілері бойынша шаруашылық ауыз су беру, м <sup>3</sup>	144 657	75 117	51,9%	69 540	48,1%
Тарату желілері бойынша техникалық су беру, м <sup>3</sup>	231 307	148 192	64,1%	83 115	35,9%
Ағынды суды бұрып жіберу, м <sup>3</sup>	1 559 315	1 518 160	97,4%	41 155	2,6%

Электр энергиясын беру және тарату, мың кВтс	252 840	213 229	84,3%	39 611	15,7%
Жылу энергиясын беру және тарату, Гкал	546 690	406 899	74,4%	139 791	25,6%

**2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы қосалқы тұтынушылар бөлінісінде жылу энергиясын беру және тарату қызметін ұсыну көлемін БТС-тағы деректермен салыстыру**

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	БТС-дағы жоспарлы көлем, Гкал	Нақты көлем, Гкал	Ауытқу, %
1	ТОО "Ертыс сервис"	103 923	36 287	-65%
2	ТОО «Компания Нефтехим LTD»	162 557	80 651	-50%
3	ТОО "Гелиос"	19,5	11	-44%
4	ТОО "NFC Kazakhstan"	7 000	0	-100%
5	ТОО "Эр Ликид Мунай Тех Газы"	61 677	22 842	-63%
	<b>Итого</b>	<b>335 177</b>	<b>139 791</b>	<b>-58%</b>

Есептік кезеңде қосалқы тұтынушыларға жылу энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 139 791 Гкал-ды құрады, бұл бекітілген тарифтік сметадағы көлемнен 58,3%-ға кем.

**2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы қосалқы тұтынушылар бөлінісінде электр энергиясын беру және тарату қызметін ұсыну көлемін БТС-тағы деректермен салыстыру**

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	БТС-дағы жоспарлы көлем, мың кВт	Нақты көлем, мың кВт	Ауытқу, %
1	ТОО «Компания Нефтехим LTD»	47 701	24 634	-48%
2	ТОО "Эр Ликид Мунай Тех Газы"	23 060	11 090	-52%
3	ТОО "Павлодароргсинтез"	16 647	2 561	-85%
4	Прочие	5 635	1 327	-76%
	<b>Итого</b>	<b>93 043,0</b>	<b>39 610,7</b>	<b>-57%</b>

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес электр энергиясын беру және тарату қызметін көрсету көлемі 93 042,6 мың кВтс құрайды, 1 жартыжылдықтың есептік кезеңінде қызметті тұтыну көлемі 39 610,7 мың кВтс құрады, бұл бекітілген тарифтік сметаға қарағанда 57,4%-ға кем.

### **Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы**

Тұтынушылардың табиғи монополиялар саласына жататын көрсетілетін қызметтерге қажеттілігі жыл сайын қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде айқындалады. Тұтынушыларға қызметтерге тарифтердің өзгергені туралы уақытылы хабарланады.

2025 жылғы 1 жартыжылдықта 4 тұтынушыға жылу энергиясын беру қызметтері көрсетілді.

### **Жылу энергиясын беру және тарату қызметін тұтыну құрылымы**

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	1 жартыжылдықтағы нақты көлем, Гкал	Үлес, %
1	ТОО "Ертыс сервис"	36 287	26,0%
2	ТОО «Компания Нефтехим LTD»	80 651	57,7%
3	ТОО "Гелиос"	11	0,01%
4	ТОО "Эр Ликид Мунай Тех Газы"	22 842	16,3%
<b>Жиыны</b>		<b>Итого</b>	<b>139 791</b>

### **1 жартыжылдықтағы қосалқы тұтынушылар бөлінісінде электр энергиясын беру және тарату қызметін тұтыну құрылымы**

№ р/с	Кәсіпорынның атауы	1 жартыжылдықтағы нақты көлем, мың кВт	Үлес, %
1	ТОО «Компания Нефтехим LTD»	24 633,9	62,2%
2	ТОО "Эр Ликид Мунай Тех Газы"	11 089,5	6,5%
3	ТОО "Павлодароргсинтез"	2 560,7	28,0%
4	Баска	1 326,6	3,3%
<b>Итого</b>		<b>39 610,7</b>	<b>100%</b>

Нақты көлемдер ай сайын «ПМХЗ» ЖШС және қосалқы тұтынушылар тарапынан қол қойылған тұтыну актілерімен расталады.

«ПМХЗ» ЖШС, табиғи монополиялар субъектісі ретінде 2024 жылы зауыт пен қосалқы тұтынушыларды сумен-электрмен және жылумен жабдықтау сенімділігін арттырудың жоспарлы көрсеткіштерін орындау жұмыстарын жалғастырады.

### 2025 жылғы 24 шілдедегі жағдай бойынша табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС тарифтері туралы ақпарат

Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін бағасы, теңге (ҚҚС қоспағанда)	Енгізу күні
Электр энергиясын беру	кВтс	<b>0,425</b>	01.03.2024 - 28.02.2025
		<b>0,432</b>	01.03.2025 - 28.02.2026
Жылу энергиясын беру	Гкал	<b>194,69</b>	01.03.2024 - 28.02.2025
		<b>207,31</b>	01.03.2025 - 28.02.2026
Ауыз су беру	м3	<b>466,73</b>	01.09.2024 – 30.06.2025
		<b>488,66</b>	01.07.2025 – 30.06.2026
Техникалық суды беру	м3	<b>120,54</b>	01.09.2024 – 30.06.2025
		<b>127,17</b>	01.07.2025 – 30.06.2026
Ағынды суды бұрып жіберу	м3	<b>126,76</b>	01.02.2023 – 31.07.2024